



ОНЛАЙН ТӘРТІБІНДЕГІ КОНФЕРЕНЦИЯ



26.04.2018 ж. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының білім беру жүйесін жаңаша жетілдіру бағытында «Студенттердің ғылыми ізденіс дағдыларын жетілдіру арқылы кәсіби шеберлігін қалыптастыру» тақырыбында студенттер арасында Шымкент жоғары медицина колледжінде Республикалық ғылыми-теориялық конференция онлайн тәртібінде өтті. Конференцияда 33 баяндама тыңдалды. Біздің колледжден 2 үйірме қатысты. 1. «Шипагер» үйірмесінің мүшесі Балибай Ақкенже 322 топ «Емдеу ісі» бөлімінің студенті «Адыраспан шөбінен жасалған дәрілер және адыраспанның қазақ шипагерлеріндегі ролі». Үйірме жетекшісі А.К.Серкебаева. 2. «Юный химик» үйірмесінің мүшесі Грובה Алла 218 топ «Емдеу ісі» бөлімінің студенті «Проблема флюороза зубов у студентов» баяндамасын оқыды. Үйірме жетекшісі К.А.Мальцева. Конференция нәтижесі бойынша Балибай А. II орынды иеленіп, Дипломмен марапатталды. Қатысқан үйірме мүшелеріне сертификаттар, ал жетекшілеріне: А.Т.Көбегенова, К.О.Чинаилова, К.А.Мальцева, Ж.Ш.Шарипова, Д.Е.Жусупова, А.С.Сагитжанова, Э.Б.Бердалиева, Р.Т.Нурбаева Алғыс хаттар берілді.

СПОРТТЫҚ ЖАРЫС



13.04.2018ж. № 4 Жалпы білім беру және гуманитарлық ЦӘК төрағасы Б.А.Нұрғабыловтың басшылығымен дене шынықтыру пәнінің оқытушылары; колледж студенттер кәсіподақ ұйымы 7- сәуір Бүкіл дүниежүзілік денсаулық күніне байланысты колледждің I-ші курс студенттері арасында "Спорттық биден" жарыс өтті. Жарыста бас жүлдені "Мейіргер ісі" бөлімі 107 топ иеленді, кураторы Т.С.Алимкулова. I орынды, "Емдеу ісі" бөлімі 115 топ, кураторы Д.М.Жунисова, II орынды "Емдеу ісі" бөлімі 108 топ, кураторы А.А.Буксукбаева, III орынды "Мейіргер ісі" бөлімі 103 топ, кураторы М.Ж.Жакипова иеленіп, мадақтамамен марапатталды. «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» тақырыбында колледждің

ұйымдастыруымын арнаулы орта оқу орындары арасындағы командалық жарыс өткізілді. Қазылар алқасы: Жамбыл медициналық колледжінің директоры Ж.Н. Сарыбекова, колледждің оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т. Қуанышбекова, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» Жамбыл облыстық филиалының халықты ақпараттандыру және өтініштерін қарау бөлімінің басшысы – Т.Р. Жигитеков, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» Жамбыл облыстық филиалының басшысы- М.Ж. Бокаева. Жамбыл политехникалық жоғары колледжінің дене тәрбиесі пәні оқытушысы О.Е. Алшанбаев. Тәрбие жұмысының меңгерушісі Л.Қ. Мейрманова. Құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмысының меңгерушісі Р.Б. Үсенов. «Емдеу ісі» бөлімінің меңгерушісі Ж.Б. Қалымбетова. Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы – Д.Б. Уркимбаева төрелік етті. Жарыс түрлері: «Волейбол», «Кіші футбол». Жарыста: «Волейбол» – (қыздар командалары арасында) I- орынды Жамбыл медициналық колледжі иеленді. II- орынды Тараз – Парасат колледжі иеленді. II-орынды Абай атындағы педагогикалық колледжі иеленді. «Кіші футбол»- (ұлдар командалары арасында) I- орынды Жамбыл политехникалық колледжі иеленді. II-орынды Тараз химия технологиялық колледжі иеленді. II- орынды Тараз – Парасат колледжі иеленді. Жарыста орын алған командалар диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ – ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ



12.04.2018 ж. колледж психологтары: Оскенбаева А.Н, Алимкулова Т.С, Амангелдиева А.Б., «Емдеу ісі» бөлімінің 313 топ студенті Таумбекова А. Н. және Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі аға инспектор психологы Г.Т. Карсабекованың қатысуымен «Ақпараттық технологияның – пайдасы мен зияны» тақырыбында кездесу өткізілді.

«ЕҢ ҮЗДІК КІТАП ОҚИТЫН КОЛЛЕДЖ» БАЙҚАУЫ

28.04.2018ж. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы ұйымдастыруымен өткізілген «Ең үздік кітап оқитын колледж» байқауына колледждің кітапхана қызметкерлері – Бегалиева Н.Е., Сапарбаева А.А., Ералиева М.А. жетекшілігімен 210 топ студенттері, 213 топ студенті К. Сүйінбекұлы жақсы деңгейде өз өнерлерін көрсеткені үшін сертификатқа ие болды.



01.05.2018 ж. 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай «Достық» алаңында «Ынтымағы жарасқан, көп ұлтты Қазақстан» аты мерекелік іс-шараға колледж студенттері мен оқытушылары ұйғыр ұлтының өнерін насихаттап, би билеп, жылы лебіздерін білдірді.



Құрметті арыстандай келбетті, жолбарыс жүректі, қырандай қырағы, намысқа аса қадірлі, ардақты да, салмақты біздің ағалар, інілер, замандастар, әріптестер!

Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып келген 7 мамыр – Отан қорғаушылар мерекесімен құттықтаймыз!

Ағалар біздің кең арқау асқарымыз, Жолын қуар солардың жастарымыз.

Абзал жанды ақылғой ағаларға, Ілтипатпен иілген бастарымыз.

Еңбектерін жемісті қиыр шың боп,

Шапағатты шуақ нұр құйылсын,

Шын жүректен құттықтап біз тілейміз:

Бар жақсылық, бар бақыт бұйырсын.

№ 2 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен «Елін қорғау - ерге серт» атты мерекелік іс-шара өтті. Колледж азаматтарына кәсіподақ төрайымы Ф.Қ.Жапарқұлова шығармашылық табыстар тілей отырып, сыйлықтар табыстады. Іс-шарада әсем ән шырқалып, би биленді. Колледж ұжымы көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.



Ұлы Жеңістің 73 жылдығына орай «Даңқ» мемориалында гүл шоқтарын қою рәсіміне колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова және «Қаһарман Ұлт-Бессмертный полк» атты шеруге колледж оқытушылары мен студенттері қатысты.

1 МАМЫР

7 МАМЫР

9 МАМЫР

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

ЖАС МАМАНДАР
МЕКТЕБІНІҢ
КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

АШЫҚ САБАҚ

АШЫҚ ТӘРБИЕ
САҒАТТАРЫ

АШЫҚ ҮЙІРМЕ
ОТЫРЫСЫ

ІССАПАР

СЕМИНАР

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ОНЛАЙН ТӘРТІБІНДЕГІ
КОНФЕРЕНЦИЯ

СПОРТТЫҚ ЖАРЫС

АҚПАРАТТЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ –
ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

«ЕҢ ҮЗДІК КІТАП ОҚИТЫН
КОЛЛЕДЖ» БАЙҚАУЫ



ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС



03.05.2018 ж. әдістемелік кеңес өткізілді.
Күн тәртібінде:
1. Патологиялық физиология пәнінің оқытылуы мен білім сапасы.

№1 жалпы кәсіби ЦӘК жұмысының ұйымдастырылуы және жалпы кәсіби пәндер кабинеттерінің жабдықталуы.

Жауапты: Мадибраимова А.М.

2. Қоғамтану және дүниежүзі тарих пәндерінің оқытылуы мен білім сапасы.

Жауапты: Шужеева Ж.Л.

3. №2 жалпы кәсіби ЦӘК жұмысының ұйымдастырылуы және жалпы кәсіби пәндер кабинеттерінің жабдықталуы.

Жауапты: Тұрғынбекова С.С.

4. Мемлекеттік емтихан сұрақтарын, құжаттарын қарастыру, бекіту.

Жауапты: Шужеева Ж.Л.

ЖАС МАМАНДАР МЕКТЕБІНІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ



19.04.2018 жылы жас мамандар мектебінің кезекті отырысы өтті. Тақырыбы: «Білім беру технологиялары мен әдіс-тәсілдерін қолдану жолдары».

Күн тәртібінде:

1. «Анатомия пәні бойынша әртүрлі сабақ

ұйымдастырудағы оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдаудың тиімділігі. Озық іс-тәжірибе алмасу. Жауапты тәлімгер: Д.Қ. Назар

2. Информатика пәні сабағында білім беру технологиялары мен әдіс-тәсілдерін қолдану жолдары. Практикум.

Жауапты тәлімгер: Г.Қ. Сарыбекова

3. «Оқытушының іс-тәжірибесіне заманауи технологияларды енгізу сәттілігі неге байланысты?» пікір алмасулар. Әдіскер Л.К. Батаева, жас мамандар.

4. Оқытушы портфолиосы. Портфолио мазмұны. Портфолио презентациясы. Жауапты тәлімгер: К.О. Чинаилова.

АШЫҚ САБАҚ



03.05.2018 ж. Оқытушы Ж.Ш. Шарипова «Кәсіптік шет тілі» пәнінен 219 топта «Акушер ісі» бөлімінде «In the surgical department. The Past Perfect Tense-negative and interrogative forms» тақырыбында ашық сабақ өтті.

АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫ



27.04.2018 ж. 1-мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесіне арналған қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру бағытының «Единство народа – вечная слава» тақырыбында колледжішілік ашық тәрбие сағатын «Фармация» бөлімінің 221 тобы, кураторы А.К. Серкебаева өткізді.



04.05.2018 ж. 9 мамыр Жеңістің 73 жылдығына арналған қазақстандық патриоттық қалыптастыру бағытының «Бейбіт күн жасасын әлемде» тақырыбында тәрбие сағатын 302 топ «Емдеу ісі» бөлімінің меңгерушісі Ф.Қ. Жапаркулова, кураторы Д.И. Турдалиев өткізді. Мақсаты: Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге тарихын құрметтей білуге, дүниежүзіндегі басқа ұлт өкілдерінің достығын нығайту.

АШЫҚ ҮЙІРМЕ ОТЫРЫСЫ



12.04.2018 ж. «Балалар аурулары» пәнінен «Аялы алақан» үйірме жетекшісі, оқытушысы Р.У. Джантасова «Актуальные проблемы сахарного диабета» тақырыбында ашық үйірме отырысын өткізді. Ашық іс-шараға 408, 409, 418, 419, 426 топтарының үйірме мүшелері қатысып, «Понятия сахарного диабета», «Правильное питание», «Осложнения сахарного диабета», «Методы профилактики сахарного диабета» тақырыптарында баяндамалар оқып, бейнеролик көрсетті. Үйірме мүшелері денсаулық туралы өлеңдер оқып, флэш-моб ұйымдастырып, барынша белсенділік танытты.

ІССАПАР

09.04.-10.04.2018 ж. Колледж директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т. Қуанышбекова Алматы қаласына «Димед» медициналық колледжінің институционалдық аккредиттеу комиссия мүшесі ретінде іссапарға барып келді.

16.04.-17.04.2018 ж. Колледж оқытушысы ЦӘК төрайымы У.М. Ахметова Қызылорда жоғары медициналық колледжінің мамандандырылған аккредиттеу комиссия мүшесі ретінде іссапарға барып келді.

18.04.-19.04.2018 ж. Колледж оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Ж.Б. Иманбекова Қызылорда қаласы «Өркениет» медициналық колледжінің институционалдық аккредиттеу комиссия мүшесі ретінде іссапарға барып келді.



«Медициналық білім мен ғылымды жаңғырту» Жол карта жобасының «Денсаулық сақтау жүйесінде орта маманды медициналық қызметкерлер ролін арттыру» жобаның іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Ғылым және білімді дамыту орталығы 2018 жылғы 23-27 сәуір аралығында Астана қ. «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша техникалық және кәсіби білім деңгейінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру» тақырыбында шебер-классстың II кезеңіне «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі Ж.Б. Мырзагулова қатысты. Шебер-класс өткізгендер Ханнеле Титтанен - медбикелерге арналған академиялық бағдарламаларын жаңғырту бойынша expertі, Финляндия Лахти Университеттің жоғарғы кеңесшісі, Ханнеле Тюрвьянен - медбикелерге арналған академиялық бағдарламаларын жаңғырту бойынша expertі, Финляндия Ювяскюле Университетінің аға оқытушысы.



28 – 29.04.2018 ж. Ақпараттық технологиялар бөлімінің меңгерушісі А.И. Исмаилова және колледж программисттері Қ.Қ. Дуйсебаева, А.С. Сұлтанғалиева, Д.Е. Тураров Алматы қ. V ашық Чемпионатында method бағдарламалау мектебінен робототехника және инновациялық технологиялар бойынша Әкім Кубогы үшін «Неге бағдарламалауды Python арқылы бастау керек?», «Scratch және Arduino IDE бағдарламалау

бойынша макулатура» атты шеберлік сыныбына қатысып, Қазақстан Республикасы аумағында «Makeblock» брендының ресми дистрибьюторы АК Cent Microsystems компаниясының сертификаттарына ие болды.

СЕМИНАР



12.04.2018 колледждің Біліктілікті арттыру және қайта даярлау бөлімінің меңгерушісі Ф.Д. Тұрмысованың жетекшілігімен «Жүктілікпен байланысты аурулар.

Презекламсияның ауыр сатысы және экламсияда жедел көмек көрсету» тақырыбында семинар өткізілді. Семинар колледж директоры Ж.Н. Сарыбекованың сөзімен басталып, «Жүктілікпен байланысты аурулар. Презекламсияның ауыр сатысы және экламсияда жедел көмек көрсету» баяндамасы, кейіннен студенттердің манекендерде жедел көмек көрсету дағдыларымен, бейне-роликтермен жалғасты. Семинарға Тараз қ. және Жамбыл облысының медициналық ұйымдарынан акушерлер, медбикелер қатысып, арнайы сертификатқа ие болды.



Орта медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімінде 09.04.2018 – 21.04.2018 ж аралығында «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша «Фтизиатрияның өзекті мәселелері» (ақылы негізінде) цикл өткізілді. Облыстық туберкулезге қарсы диспансерінің бас дәрігерінің ұйымдастыру – әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Жолдасова Гулзия Сабитқызы тындаушылармен тәжірибелік сабақ өткізуде.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ



12.04.2018 ж. колледждің «Рухани дамыту» орталығында «Рухани жаңғыру өзіңнен басталады» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, өткізілді. Дөңгелек үстелге тәрбие жұмысының меңгерушісі Л.К. Мейрманова, «Рухани дамыту» орталығының жетекшісі Ш.Т. Маманова, тарих пәнінің оқытушылары, «Емдеу ісі», «Мейіргер ісі» бөлімінің I курс студенттері қатысты. Дөңгелек үстел қатысушылары рухани жаңғырудың барлық бағыттарына қатысты, өз ойларын ашық айтып, қарқынды талқыланды.